Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісіндегі Үкімет сағаты

# «ҚР ҮКІМЕТІНІҢ ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ АРНАЛҒАН ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ ДЕН ҚОЮ ШАРАЛАРЫ»

**Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі**

**Астана, 2013**

# 2012 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ ӨСУДІҢ ОҢ ҚАРҚЫНЫН САҚТАДЫ












# ИНФЛЯЦИЯ




## Инфляция компоненттерінің 2011-2012 жж. желтоқсанда өзгеруі



# ӘЛЕУМЕТТІК САЛА




2012 жылы **халықтың орташа жан басына шаққандағы нақты ақшалай табысы** номиналды мәнінде 618,3 мың теңгені құрап, 6,8 %-ға өсті.




**Нақты жалақы** 6,9%-ға өсіп, нақты орташа айлық номиналды жалақы 101,0 мың теңгеге ұлғайды.




Экономикалық белсенді халық санының өсуі кезінде 2012 жылғы желтоқсанда **жұмыссыздық деңгейі** 5,3%-да қалыптасты (2011 ж.-5,4%).

# ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАДАҒЫ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАР



**Еуроаймақтағы дағдарыс**

• **ЖІӨ өсу қарқынының төмендеуі**
- қалыпты рецессия (ЖІӨ -0.6% 2012 жылдың IV тоқсаны);
- Еуропалық комиссия Еуроаймақ экономикасының өсу болжамын төмендетті;
- 2013 жылы блок экономикасы 0.3%-ға қысқарады (алдында өсу 0.1%-ға жоспарланған болатын).

• **Мемлекеттік борыштың қиын ахуалы**
- мемлекеттік борыштың жоғары деңгейі (90% ЖІӨ III тоқсанда);
- Еуропалық комиссия борыштың 2013 жылдың соңына қарай 95.1%-ға дейін өсуін болжамдайды.

•**Жұмыссыздықтың жоғары деңгейі** (желтоқсанда 11.7% )
- Грецияда жұмыссыздықтың деңгейі 2013 жылы 27%-ды құрайды;
- Испанияда жұмыссыздар үлесі 26.9%-ды құрайды.



**АҚШ-тағы фискалдық қиыншылықтар**

•**Экономика өсуінің бәсеңдеген қарқыны**
- ЖІӨ-нің IV тоқсанда теріс өсуі (IV-тоқсанда - 0.1% );
- АҚШ ЖІӨ-нің өсу болжамын ХВҚ 2013 жылы 2%-ға дейін төмендетті.

• Тұрақтандырылған, бірақ әлі де **жұмыссыздықтың жоғары деңгейі** (7.9%).

•2013 жылғы наурыздағы **амалсыз фискалдық қысқартулар** (фискалдық үзіліс).



**Қытайдағы өсудің баяулауы**

•**ЖІӨ-нің 13 жыл ішіндегі ең төмен көрсеткіші** (7.8%).

•Дамыған елдер тарапынан сұраныстың төмендеуі (70% экспорт).

•Ішкі сұраныстың өсіп келе жатқан рөлі.

•Қаржылық ырықтандыру және йен бағамының күшеюі
•(2005 жылдан бастап 23%-ға өсуі).

•Экспорттың бәсекеге қабілеттілігінің әлсіреуі.

• Экспортты Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне қарай қайта бағдарлау (20%-ға өсу).

# ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАДАҒЫ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАР

- Әлемдік экономика жаһандық қаржы дағдарысы басталғаннан кейін төрт жыл өткен соң да орнықсыз болып қалуда, ал экономиканың өсуі дамыған елдерде бұрынғыдай болмашы.

- ХВҚ-ның болжамы бойынша 2013 жылы әлемдік өсу **3.5%** деңгейінде күтілуде**.**

- Әлемдік экономиканы қалпына келтіру бойынша негізгі тәуекелдер мыналарды жалғастыруда:
  - **Еуроаймақтағы дағдарыс;**
  - **АҚШ-тағы фискалдық белгісіздік;**
  - **Қытай экономикасының баяулауы**

**ХВҚ-тың 2013 жылғы экономика өсуі бойынша болжамдарының төмендеуі (%)**




**Елдің өсу серпінінің болжамы**



# ШИКІЗАТ ТАУАРЛАРЫНА ӘЛЕМДІК БАҒАНЫҢ СЕРПІНІ


















# 2013 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДАҒЫ ЭКОНОМИКА ДАМУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

| Атаулары | 2013 жылға бекітілген нысаналы индикаторлар | | ҚРСА-ның 2013 жылғы қаңтардағы жедел деректері | | Нысаналы индикаторлардан ауытқу | МО |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | НКИ | Үлес | НКИ | Үлес | | |
| **Тауар өндірісі** | **103.8** | **1.6** | **100.0** | **0.1** | ↓ **-3.8** | |
| **Ауыл шаруашылығы** | 104.4 | 0.2 | 98.6 | 0.0 | ↓ **-5.8** | **АШМ** |
| **Өнеркәсіп** | **103.8** | 1.2 | 100.8 | 0.3 | ↓ **-3.0** | |
| **Тау-кен өндіру өнеркәсібі** | **101.5** | 0.3 | 101.6 | 0.3 | ↑ **0.1** | |
| Мұнай өндіру | 102.7 | 0.4 | 101.5 | 0.2 | ↓ **-1.2** | **МГМ** |
| Темір кендерін өндіру | 100.0 | 0.0 | 87.0 | -0.1 | ↓ **-13.0** | **ИЖТМ** |
| Түсті металл кендерін өндіру | 100.0 | 0.0 | 109.2 | 0.1 | ↑ **9.2** | **ИЖТМ** |
| **Өңдеу өнеркәсібі** | **107.3** | 0.8 | **99.2** | -0.1 | ↓ **-8.1** | |
| Тамақ өнімдерін өндіру | 104.0 | 0.1 | 96.6 | -0.1 | ↓ **-7.4** | **АШМ** |
| Сусындарды өндіру | 104.3 | 0.0 | 116.0 | 0.1 | ↑ **11.7** | **АШМ** |
| Мұнай өңдеу | 101.4 | 0.0 | 99.0 | 0.0 | ↓ **-2.4** | **МГМ** |
| Химия өнеркәсібі | 119.0 | 0.1 | 100.9 | 0.0 | ↓ **-18.1** | **ИЖТМ** |
| Өзге де металл емес минералды өнімдерін өндіру | 111.0 | 0.1 | 111.2 | 0.1 | ↑ **0.2** | **ИЖТМ** |
| Металлургия өнеркәсібі | 110.0 | 0.4 | 93.6 | -0.3 | ↓ **-16.4** | **ИЖТМ** |
| *Қара металлургия* | 104.8 | 0.1 | 69.7 | -0.6 | ↓ **-35.1** | **ИЖТМ** |
| *Түсті металлургия* | 114.9 | 0.4 | 111.3 | 0.3 | ↓ **-3.6** | **ИЖТМ** |
| Машина жасау | 110.0 | 0.1 | 115.1 | 0.2 | ↑ **5.1** | **ИЖТМ** |
| Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау | **104.7** | 0.1 | **102.7** | 0.1 | ↓ **-2.0** | **ИЖТМ** |
| Құрылыс | **103.5** | 0.2 | **93.1** | -0.2 | ↓ **-10.4** | **ӨДМ** |
| ***Қызметтер өндіру*** | **106.9** | **3.6** | **106.0** | **3.6** | ↓ **-0.9** | |
| Сауда | 113.0 | 1.9 | 112.3 | 1.4 | ↓ **-0.7** | **ЭБЖМ** |
| Көлік және қоймалау | 107.2 | 0.5 | 106.0 | 0.5 | ↓ **-1.2** | **ККМ** |
| Тұру және тамақтану бойынша қызметтер | 111.7 | 0.1 | 106.1 | 0.1 | ↓ **-5.6** | |
| Ақпарат және байланыс | 107.0 | 0.1 | 109.1 | 0.2 | ↑ **2.1** | **ККМ** |
| **ЖІӨ** | **106.0** | **6.0** | **104.0** | **4.0** | ↓ **-2.0** | |

2013 жылғы қаңтарда **экономика өсуінің бәсеңдеу үрдісі** сақталды. Өңдеу өнеркәсібі **0,8%-ға** төмендеді, себебі қара металлургия өндірісі **30,3%-ға** төмендеді**.** Негізгі себеп **сыртқы сұраныстың қысқаруы** болды.

# ОРТА МЕРЗІМДІ КЕЗЕҢГЕ АРНАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРІ




2013-2017 жылдары экономиканың нақты өсуі жылына 6-7,6 мөлшерінде болжамдануда, бұл халықтың жан басында шаққандағы ЖІӨ өсуін **2018 жылға қарай 20 мыңнан АҚШ долларында астам қамтамасыз етеді.**




Өңдеу өнеркәсібінде озық өсу болжамданады: бес жылда өңдеу өнеркәсібі 41%-ға, тау-кен өнеркәсібі 25%-ға өседі.

Орта мерзімді перспективада өсудің негізгі көзі өңдеу және өндіру өнеркәсіптеріндегі өсу, сондай-ақ экономикадағы ішкі тұтынудың тұрақты өсуі болып қалады.

# ҮКІМЕТТІҢ ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ ҚАДАМДЫҚ ЖОСПАРЫ

ҚР Үкіметті әлемдік экономикадағы дағдарыс процестерінің елеулі ушығуы жағдайына байланысты ***Тұрақты макроэкономикалық жағдайды қамтамасыз ету және экономиканың өсуін сақтау үшін дағдарысқа қарсы қадамдық жоспарды*** бекітті.







**Пессимистік сценарий 1**

- Еуроаймақтағы борышқа қызмет көрсету құнының күрт жоғарылауы арқылы егемен борыш дағдарысының тереңдеуі сипатталады. 2013 жылы мұнай бағасы баррелі үшін 80 долларға дейін төмендейді және 2014 – 2015 жылдары осы деңгейде тұрақталады.

**Пессимистік сценарий 2**

- Дамыған елдерде дағдарыс құбылыстарының ушығуын болжайды. Шикізат нарығында 2008 жылғыдай бағаның түсуі ықтимал. Мұнай бағасы барреліне 60 АҚШ долларына дейін, металдарға ағымдағы деңгейден 40%-ға төмендейді.

# БЮДЖЕТ САЯСАТЫНЫҢ ТЕҢГЕРІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ШЫҒЫСТАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

**Бюджет саясатының мақсаттары**

- макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
- экономика өсуінің орнықтылығын қамтамасыз ету;
- халықтың әл-ауқаты деңгейін қолдау;
- бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру.

## Бюджет саясатын қалыптастыру

**ЖІӨ-ге қатысты тапшылықтың азаюы**

**Квазимемлекеттік сектор борышының өсуін бақылау**

→ **Мемлекеттік борышты біркелкі деңгейде қолдау**

**Мемлекеттік қаржы тұрақтылығын қамтамасыз ету**

**Ұлттық қор қаражатын шекті қолдану** → **Ұлттық қорда мұнай қорларын жинақтау**

# САЛЫҚ САЯСАТЫН ТИІМДІ ЖҮРГІЗУ БАҒЫТТАРЫ

Салық жеңілдіктерін тексеру → Салық жеңілдіктерінің тиімділігін арттыру → Экономиканың шикізат емес секторлары мен инновациялардың дамуын ынталандыру

Ауыл шаруашылығына салық салуды реформалау, жер салығын ұлғайту → Жерді қолданудың тиімділігін арттыру

Төмен рентабельді және шығынды кен орындары үшін ПҚӨС төмен мөлшерлемелері бойынша ұсыныстар дайындау → Тау-кен металлургия компанияларының дамуын қолдау

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІ ЭКОНОМИКА СЕКТОРЛАРЫН ҚОЛДАУ АРҚЫЛЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

- **Экономика салаларының дамуы**

−үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі 2013-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны, Индустрияландыру картасының инвестициялық жобаларын және АӨК даму бағдарламасын іске асыру.

- **Инфрақұрылымды дамыту**

−автомобиль жолдарының құрылысы;
−елді мекендерді газбен жабдықтау;
−өңірлерде электр- және жылуэнергетикалық инфрақұрылымдарды дамыту;
−энергетика объектілерін және көлік инфрақұрылымын салу, жолаушылар вагондарының паркін жаңарту.

- **Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және құрылыс**

− 2012-2020 жылдарға арналған «Қолжетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасын іске асыру арқылы халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту;
− 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламасы;
− 2013-2015 жылдары құрылысты және мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуды қосымша қаржыландыру ұсынылады;
− 2011-2020 жылдарға арналған «Ақбұлақ» бағдарламасын іске асыру.

# ИНВЕСТИЦИЯЛАР ТАРТУ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ

- **Экономиканың шикізат емес секторларына** инвестициялар тарту мақсатында қолайлы **инвестициялық ахуал қалыптастыру**:
  - **ЭЫДҰ стандарттарын** енгізу**;**
  - **«Бірыңғай терезе»** бойынша көрсетілетін қызметтер тізбесін кеңейту**;**
  - Инвесторлар үшін заңнамадан **кепілдіктерді** қамтамасыз ету;
  - Инвестициялар көздерін **әртараптандыру.**

*Әлемде егемендік деңгейде инвестициялар үшін күрес күшеюде. 100 астам ел инвестициялар тарту бағдарламсына қатысты.

- **МЖӘ-нің заңнамалық және институционалдық негізін дамыту:**
  - «МЖӘ туралы» жаңа заң: инвесторлармен қатынастардың ұзақ мерзімдлігі мен тұрақтылығына кепілдікті, МЖӘ қаржылық тетіктерін кеңейтуді және жеке сектордың мемлекетпен өзара іс-қимылының ашықтығын қамтамасыз етеді
  - МЖӘ бойынша «бірыңғай терезе»;
  - МЖӘ даму жобаларын және басым салаларды айқындау.
- **Жекешелендірудің 2-ші кезеңін жүргізу.**

**Қазақстан шикізат емес секторда жаңа инвестициялық хаб болуға тиіс**

# ДАҒДАРЫСҚА ҚАРСЫ ДЕН ҚОЮ ЖОЛ КАРТАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Мемлекет басшысының 2013 жылғы 23 қаңтарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысында берілген тапсырмасын орындау мақсатында әзірленуде:

- Үш ауысымды, апаттық мектептер және денсаулық сақтау объектілері, басқа әлеуметтік объектілер проблемаларын шешуге бағытталған **әлеуметтік объектілер құрылысын басым қаржыландыру;**
- Экономиканың нақты секторларындағы **өз бетінше жұмыспен айналысатын халықты жұмысқа орналастыру** және Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын іске асыру тиімділігін арттыру;
- **Заңсыз сыртқы көші-қонға қарсы әрекет ету** және бақылау бойынша жұмысты күшейту мен жүйелік шаралар қабылдау;
- **Экономиканың өсуін және халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететін басым бағыттарға қаражатты қайта бөлумен мемлекеттік бюджет шығыстарын оңтайландыру.**

## 2013-2015 жылдарға арналған республикалық бюджетте жұмыспен қамтуға ықпал ететін іс шараларға 2013 жылы - 1,2 трлн. тг., 2014 жылы - 1,2 трлн. тг., 2015 жылы – 931,3 млрд. тг. көзделген

| | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
|---|---|---|---|
| **БАРЛЫҒЫ** | **1 193,4** | **1 197,5** | **931,3** |
| Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы | 94,7 | 100,6 | 98,7 |
| 2010-2014 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасы | 46,2 | 45,7 | 44,7 |
| Оқу және ғылым объектілерінің құрылысы және реконструкциясы | 59,0 | 58,6 | 54,8 |
| Қазақстандағы онкологиялық көмекті дамытудың 2012 - 2016 жылдарға арналған бағдарламасы | 29,3 | 26,5 | 47,7 |
| Денсаулық сақтау объектілерінің құрылысы | 65,6 | 87,4 | 63,0 |
| «Қолжетімді тұрғын үй – 2020 бағдарламасы» | 157,2 | 184,5 | 172,4 |
| Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011 - 2020 жылдарға арналған бағдарламасы | 29,9 | 32,9 | 30,6 |
| 2011-2020 жылдарға арналған «Ақ бұлақ» бағдарламасы | 104,4 | 63,9 | 52,2 |
| Инвестицияларды тарту, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту | 12,8 | 20,7 | 15,7 |
| «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы | 37,3 | 35,0 | 34,3 |
| «Өңірлерді дамыту бағдарламасы» | 29,5 | 21,0 | 21,0 |
| Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған бағдарламасы | 34,1 | 37,8 | 48,3 |
| Өңірлерде электр және жылу энергетикалық инфрақұрылымдарды дамыту | 82,3 | 55,7 | 52,3 |
| Көлік инфрақұрылымын дамыту | 366,2 | 388,3 | 182,0 |
| Елді мекендерді газбен жабдықтау | 16,0 | 13,6 | 13,6 |
| ҚР-да құрылыс индустриясын және құрылыс материалдары өндірісін дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламасы | 6,5 | 6,0 | 0 |
| Бәсекелестік қабілеттілігін және ұттық экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ жарғы капиталын ұлғайту («Самұрық-Қазына» жобалары) | 22,4 | 19,3 | 0 |

# ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ 2020 БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ 2013-2015 ЖЫЛДАРЫ 300 МЫҢНАН АСТАМ АДАМДЫ ЖҰМЫСҚА ТАРТУ ЖОСПАРЛАНУДА

| | 2013 жыл | | 2014 жыл | | 2015 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | адам саны | млн. теңге | адам саны | млн. теңге | адам саны | млн. теңге |
| **Барлығы** | **112 708** | **94 740,6** | **116 991** | **100 588,8** | **109 038** | **98 670,7** |
| Оқыту және жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу (1-бағыт) | 88 294 | 18 582,8 | 89 688 | 20 908,1 | 80 529 | 20 089,0 |
| Ауылдағы кәсіпкерліктің дамуына жәрдемдесу (2-бағыт) | 8 548 | 19 282,0 | 10 007 | 23 562,9 | 11 318 | 27 392,5 |
| Еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру (3-бағыт) | 1 954 | 1 585,0 | 3 963 | 3 001,6 | 5 005 | 3 811,8 |
| Ауылдық елді мекендерді дамыту (4-бағыт) | 11 932 | 52 378,9 | 11 353 | 50 099,8 | 10 206 | 44 272,8 |
| Халықты жұмыспен қамту орталықтары | 1 980 | 2 911,9 | 1 980 | 3 016,3 | 1 980 | 3 104,6 |

**Жұмыссыздық деңгейінің өсуін тежеу және азаматтардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету шаралары**

- Қосымша жұмыс орындарын құру бойынша жобаларды іске асыру
  - әлеуметтік-мәдени объектілерде күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу;
  - жергілікті маңызы бар жолдарда күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу ;
  - тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін реконструкциялау, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу ;
  - абаттандыру .
  - Жеке қосалқы шаруашылықта жұмыс істейтіндер қатарынан өз бетінше жұмыспен айналысатын азаматтар үшін ақылы жұмыс орындарын құру.
- Кепілдік қамтамасыз етудің жеткілікті көлемі жоқ, табысы аз азаматтардың микрокредит алуларына мүмкіндік беру.

***Жүйелік шаралар және көші-қонды бақылау бойынша жұмысты күшейту***

- Ағымдағы ахуалды талдау және Қазақстан Республикасында сыртқы көші-қон саласындағы проблемаларды анықтау;
- Көші-қонды бақылау аясында тексерулерді жүзеге асыру тәртібінің өзгеруі бөлігінде «Мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу ;
- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын қабылдау арқылы елге еңбек көші-қонушыларының келуі үшін негіздерді реттеу бойынша нормаларды қабылдау;
- Көші-қон проблемаларын шешу жөніндегі Кешенді жоспарды әзірлеу және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу;
- ІІМ-нің көші-қон полициясының ақпараттық жүйесін әзірлеу және пайдалануға енгізу.

# МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

**Ішкі валюта нарығындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету**

- капиталдың кетуін шектеу және  ішкі нарықта (қажет болған жағдайда) шетелдік валюта ұсынысын арттыру;
- ішкі валюта нарығында алып-сатарлық операцияларды шектеу.

**Банк секторының тұрақтылығы**

- банк секторы тәуекелдерінің ағымдағы бейінін есепке ала отырып капитал және өтімділік талаптарын қайта қарау арқылы ЕДБ өтімділігін қолдау;
- ЕДБ қарыз портфелінің сапасын реттеу;
- банктерді ішкі қорландыру көздерінің тұрақтылығын арттыру.

**Квазимемлекеттік сектордың қаржы тұрақтылығын қолдау**

- квазимемлекеттік сектор субъектілері шығарған еурооблигацияларды алдын ала өтеуді ұйымдастырудың орындылығын қарау;
- акционерге дивиденд төлеудің төмендеуін көздейтін ұлттық компаниялар мен басқарушы холдингтерге қатысты дивидендтік саясатты қайта қарау;
- ұлттық компаниялар мен басқарушы холдингтердің аппаратты ұстау, бонустар, күрделі шығыстарға шығындарды шектеу;
- ішкі борыш мониторингі жүйесін және квазимемлекеттік сектор ұйымдарының қаржы тұрақтылығының негізгі көрсеткіштерін сақтау тетігін құру.

# БАНК СЕКТОРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ







2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жоғары өтімді активтердің өлшемі 2 434,6 млрд. теңгені немесе ЕДБ жиынтық активтерден 17,5% құрады, жылдың басана қарағанда 251,6 млрд. теңге немесе 9,4%-ға азайды.

Үш банктің қарыздарды қайта құрылымдауы процесінің аяқталуы ЕДБ-ға жеткілікті капитал көлемін қамтамасыз ете отырып сыртқы міндеттемелердің көлемін төмендеіуге мүмкіндік берді.

Пруденциалдық нормалардың орындалуына қарамастан, провизиялардың барабар көлемі қалыптастырылған ЕДБ қатарында үмітсіз активтердің үлесі жоғары деңгейде қалады.



# СЫРТҚЫ ҚАРЫЗДЫҢ ЖАҒДАЙЫ




2012 жылғы 30 қыркүйекте Қазакстан Республикасының жалпы сыртқы қарызы 134,9 млрд. АҚШ долл. құрады, оның ішінде 65,8 млрд. долл. межфирмалық берешекке, 14,0 млрд. долл. банктердің сыртқы қарызына және 5,1 млрд. долл. мемлекеттік сектордың сыртқы қарызын құрайды. Жалпы 2012 жылғы 3 тоқсанда Қазақстанның ЖСБ 2,4 млрд. долл. артты. Бұл ретте, осы ұлғаю межфирмалық берешекті қоса алғанда басқа секторлардың сыртқы карызының өсуімен байланысты болғанын атап өткен жөн, ал кезеңдегі экономиканың басқа секторларының сыртқы берешегі елеулі түрде өзгермеді.




Кеңейтілген айқындауда мемлекеттік сектордың сыртқы қарызы 30,6 млрд. АҚШ долл. құрады. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ компаниясының сыртқы міндеттемелері 21,5 млрд. АҚШ долл. құрады.

Орта мерзімді перспективада Қордың сыртқы қарызын болжамдық өтеу 2013 жылы 3,46 млрд. долл., 2014 жылы – 1,82 млрд. долл., 2015 жылы – 3,91 млрд. долл. құрайды.

# ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ҚОЛДАУ

- **Әлеуметтік қамтамасыз ету**

  Халыққа төлем төлеу бойынша мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелері толық көлемде қаржыландырылатын болады.

  Атаулы әлеуметтік көмек және 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы төлеуге республикалық бюджеттен қосымша қаржыландыру бөлу.

- **Жұмыссыздықтың өсуіне жол бермеу**

  Экономика өсуінің баяулауы кезеңінде Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы жұмыспен қамтуды қолдаудың негізгі құралы болады.

- **Әлеуметтік саланы жаңғырту бойынша іс-шараларды іске асыру**

  Жұмыссыз халық санының неғұрлым елеулі өсуі жағдайында әлеуметтік республикалық бюджеттен трансферттер есебінен әлеуметтік жұмыс орындарын, жастар практикасын, қоғамдық ақылы жұмыстарды, кәсіби даярлауды, қайта даярлауды және біліктілікті арттыруды ұйымдастыру бойынша қосымша шараларды қабылдау болжанады.

# ЖЕДЕЛ МОНИТОРИНГ ЖҮЙЕСІ

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС**

**ҮКІМЕТ**

**СЕЛЕКТОРЛЫҚ ЖИНАЛЫС**

**АНЫҚТАЛҒАН ПРОБЛЕМАЛАР БОЙЫНША НЕГІЗДЕЛГЕН ТАЛДАУ**

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІ МОНИТОРИНГІЛЕУ ЖӘНЕ МОДЕЛЬДЕУ ЖҮЙЕСІ

**ДЕРЕКТЕРДІ КӨРСЕТУ (оның ішінде электрондық карталар түрінде)**

**ДЕРЕКТЕРДІ ТАЛДАУ**

**ДЕРЕКТЕРДІ САҚТАУ**

**Ақпаратты автоматты түрде жинау**

**ҚМ, ҰБ, КНА, МГМ, СА, НК МФ, ТК МФ, МТСЗН, «КТЖ» ҰК» АҚ, «KEGOC» АҚ**

**14 өңір және 2 республикалық маңызы бар қала**

# ЭКОНОМИКАНЫҢ ПРОБЛЕМАЛЫҚ АЙМАҚТАРЫН СӘЙКЕСТЕНДІРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ҮШІН МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ «ШЕКТІ» МӘНДЕРІ ӘЗІРЛЕНДІ

| Көрсеткіш | Өлшем бірлігі, кезең | Нақты мәні | Тәуекел аймағы | Шекті мәндер |
|---|---|---|---|---|
| ЖЭӨ өсуі | %, ай сайын | | Төмен | > 7 |
| | | | Қалыпты | 5-7 |
| | | | Жоғары | < 5 |
| АВҚ жағдайы | ЕТМ-ге АВҚ қатынасы, тоқсан сайын | | Төмен | > 5 |
| | | | Қалыпты | 3-5 |
| | | | Жоғары | < 3 |
| ЖЭӨ-ге РБ тапшылық/профицит қатынасы | %, тоқсан сайын | | Төмен | + |
| | | | Қалыпты | 0 |
| | | | Жоғары | - |
| Мұнайдың бағасы | АҚШ долл. /баррель, ай сайын | | Төмен | > 110 |
| | | | Қалыпты | 80-110 |
| | | | Жоғары | < 80 |
| Республикалық бюджеттің табысы | %, алдыңғы жылғы ұқсас кезеңге %, ай сайын | | Төмен | + |
| | | | Қалыпты | 0 |
| | | | Жоғары | - |
| Жылдық инфляция | %, алдынғы жылғы ұқсас айға | | Төмен | < 8 |
| | | | Қалыпты | 8-20 |
| | | | Жоғары | > 20 |

Дағдарысқа қарсы жоспарды іске асыру экономиканың тәуекел аймағына кіру кезеңінде басталатын болады, бұл индикаторлардың көрсеткіштерін негізге ала отырып айқындалатын болады

## Назарларыңызға рахмет!